

ӘОЖ 958.4

**БӨКЕЙ ОРДАСЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ОНДАҒЫ
САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ
МӘСЕЛЕЛЕРИ**

Ш. ЕРГӨБЕК*

Түйіндеме

Бөкей ордасы Қазақ хандығының мемлекеттігі жойылған дәуірдегі саяси-құқықтық ойдың дамуы мен эволюциясының айқын көрсеткіші ретінде белгілі болған. Бұл қазақ хандарының біртіндеп Ресей әкімшілігі шенеуніктеріне айналу процесін көрсетті.

Хандар тарихтың бұл кезеңінде ел билеушісі емес, Ресей әкімшілігінің өкілі ретінде өзгеріп, отаршылдық жүйенің қазақ даласындағы жүзеге асырушысына айналды. Орда билеушілері ұлттық мұддені қорғайтын мемлекеттік билік өкілдерінен Ресей билеуші аристократиясына айналды. Осылайша, билік өкілдерінің ұлттық мұддеден алшақтаап, әлеуметтік топтық мұдделердің қорғаушысы мен Ресей элитасының бір бөлігіне айналуы далалық қатынастардың жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне алып келді.

Кілт сөздер: реформа, элита, Ресей саясаты, отаршылдық жүйе, Бөкей ордасы, саяси-құқықтық ойлар.

Summary

Horde Bokey was known for the evolution and development of the idea of political rights in the age of the Kazakh Khanate. This process shows the transformation of the Kazakh khans Russian officials. The rulers have turned the hordes of representatives of the government in protecting the interests of the Russian aristocracy of the nation. So the rulers of the power drawn away from the interest of the nation and this has helped to rise to a new level of relations in the steppe is one of the Russian elite.

Keywords reform, elites, Russian policy, the colonial system, horde of Bokey, thinking of policy rights.

Қазақ қоғамында, әсіресе, отаршылдық саясат деңдеп енген Кіші жүзде саяси процестер ерекше тез жүрді. Ресей империясының ықпалының нәтижесінде Кіші жүз хандарына халық тарарапынан сенімсіздік пайда болды. Кіші жүздегі саяси процестерді уысынан шығарып алмауға тырысқан Ресей әкімшілігі өзінің позициясын нығайтуды мақсат етіп, хандық билікке деген сенімсіздікті күшайтуге тырысты. Хандардың ішкі саясатына наразылық Есім хан мен Айшуақ тұсында ерекше өрбіді. Төре тұқымдарының билікке таласы Кіші жүздегі тұрақсыздықтың қайнар көзі болатын. «Борьба феодальных

* Заң ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Аккредитация, рейтинг және саланы басқару орталығының директоры, Алматы-Қазақстан. PhD in law, Al-Farabi Kazakh National University, director of the Center for Accreditation, Rankings and Quality Assurance, Almaty-Kazakhstan. E-mail: Shyngys.Ergobek@kaznu.kz

группировок наложила свой отпечаток и на разрешение земельного вопроса. ...Один из сыновей Нураги, султан Букей, не имевший никаких шансов добиться звания хана в младшем жузе обратился к императору Павлу I с просьбой позволить ему переселиться с подчиненными ему общинами в Нарын – пески на «вечное жительство» [1, 323].

Бұл жағдайды икемді пайдалана білген Ресей әкімшілігі хандықтың ішіндегі тұрлі партия өкілдерін қолдана отырды. Хандық таққа талас барысында оппозициялық топ толыққанды қалыптастып үлгерді. Олардың белді өкілдері Қаратай, Орман мен Бекей болатын. Қаратайдың хандық билікке таласы ұзақ жылдарға созылышп, қызуқанды төрениң белгілі дәрежеде билікке қол жеткізуімен аяқталды. Орманның қайраткер ретінде жеткілікті тәжірибесінің болмауы халықты бұл төрениң маңайынан аластартты. Шиеленісken жағдайда Ресей әкімшілігінің жалғыз-ақ жолы Бекей ордасын құру болатын. Ресей үкіметінің тағы бір ойы - мал шаруашылығына ыңғайлыш, алайда қалмақ тайпалары көшкенен кейін қараусыз қалған Еділ мен Жайық аралығында хандық құра отырып, Ресей саясатына қарсы белсенділікті азайту болатын. «Образование Внутренней Орды не только углубило государственный упадок Младшего жуза, явившись по существу одним из этапов его политического распада, но и усиливало хозяйствственные трудности для казахов, оставшихся в Зауральских степях: для них зимние пастбища на «внутренней» стороне теперь были потеряны, те две проблемы, которые стремился разрешить батыр Срым: возрождение казахской государственности и расширение пастбищ, после подавления его движения не только не были разрешены, но в первые два десятилетия XIX в. земельная теснота возросла, углубился и развал казахской государственности» [1, 323-324].

Қазақстанның Ресейге қосылу дәуірінде пайда болған бұл хандық Ресей әкімшілік жүйесін енгізуде тәжірибе аймагына айналуы керек болатын. Тұракты салық жүйесі, жерге меншік құқығының енгізілуі секілді европалық реформалардың хандыққа қандай ықпал ететіндігін айқындау - Ресей әкімшілігінің қазақ даласындағы саяси процестерді ішкі саясат нарығына көшіру дайындығы деп қарастырган дұрыс болар. Оның үстіне жүздің ішкі ыдыраңқылығы ресейлік тәртіптің кең қанат жаюына кері ықпалын тигізді.

Бекейдің бөлек хандық құруы Кіші жүздің ханы Айшуақты да қанағаттандыратын. Ишкі тартыстардан шаршаған кәрі хан өзінің саяси

Ергөбек III. Бөкей ордасының пайда болуы мен ондағы саяси-құқықтық...

қарсыласының өз иелегінің болуына толық қолдау көрсетті. Бұл ішкі саяси процестердің қайтадан ханның билігіне өтуіне ықпал етуі керек еді. Алайда бұл окиға Айшуақ саясатына қарсы наразылық акцияларына жаңа дем бергендей болды. Айшуақтан кейін хан болған Жантөренің саяси қарсыластарынан қаза табуы осы жәйттің дәлелі болса керек. Бөкей ордасының пайда болуын Кіші жүздің ішінде орын алған терен саяси процестерді сарапалаудан туындаған шара ретінде қарастыру қажет. «Необходимо отметить, что образование отдельной от Младшего жуза, самостоятельной Внутренней Орды отвечало так же интересам царизма. Во-первых, царское правительство было заинтересовано в расширении торговли с казахской степью; во-вторых, оно получало возможность через посредство ханско-феодальной верхушки Внутренней орды влиять на политику хана Младшего жуза» [2, 70].

Ресей әкімшілігі өз саяси өктемдігін жүзеге асыру үшін жаңа одақтас ретінде ойластырылған, белгілі дәрежеде осы тарихи миссиясын толық жүзеге асырған Бөкей ордасы Қазақ хандығының мемлекеттігі жойылған дәуірдегі саяси-құқықтық ойдың дамуы мен эволюциясының айқын көрсеткіші ретінде белгілі. Бұл қазақ хандарының біртіндеп Ресей әкімшілігі шенеуніктеріне айналу процесін көрсетті.

Хандар тарихтың бұл кезеңінде ел билеушісі емес, Ресей әкімшілігінің өкілі ретінде өзгеріп, отаршылдық жүйенің қазақ даласындағы жүзеге асыруышына айналды. Орда билеушілері ұлттық мұддені қорғайтын мемлекеттік билік өкілдерінен Ресей билеуші аристократиясына айналды. Осылайша, билік өкілдерінің ұлттық мұддеден алшақта, әлеуметтік топтық мұдделердің қоргаушысы мен Ресей элитасының бір бөлігіне айналуы далалық қатынастардың жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне алып келді.

Феодалдық қатынастардың дамуы ресейлік сценарийдің негізінде жүзеге асырылды және белгілі дәрежеде I Петр реформаларына ұқсастығы байқалды. Ол реформалардың күшпен жүргізілуінен де, реформалардың жүзеге асырылуының жоғарыдан болуы да, оның негізгі мақсаттары да, ұлттық артта қалушылығын жою, жаңа қатынастарға жол ашу, модернизациялық процестердің кең қанат жаюына жағдай жасау маңызы да бірдей болғанымен, жүзеге асырылу көлемі жағынан да, территориялық аймағынан да, терендігі тұрғысынан да ондай нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік бермеді. Қайта,

ресейлік қатынастардың Қазақстанның ішкі элементіне айналуға ықпал етіп, отаршылдық жүйенің кеңеюіне жағдай жасады.

Орда билеушілерінің саяси-құқықтық ойлары

Тарихы 1801 жылдан бастау алатын Бөкей ордасы өзіндік орны бар, маңызды саяси құрылым болатын. Хандық негізін қалаушы Бөкей хан Еділ мен Жайық аралығындағы шүйгін жерлерді халық шаруашылығы үшін пайдалануды көздейді. Бөкей ордасы Қазақстанның саяси-құқықтық тарихында белді орын алды. Бөкейден кейін Жәңгір 1824 ж. ортасында император I Александрдың арнайы жарлығына сәйкес хандық билікке ие болды. Ол Ресей империясымен тығыз қатынастар құра отырып, бірқатар прогрессивті реформаларға жол ашады. «Жәңгір хан билігін кеңейтіп, Ордадағы басқару жүйесін орталықтандыру арқылы далалық хан билігін қүшеттуде Ресей самодержавиелік басқару үлгісін ұстанды» [3, 109].

Мұндағы басты мақсат қол астындағы халықты жаңа заман сарынына сәйкес отырықшылыққа үйрету болатын. Ең алдымен Жәңгір ханның саяси реформаларына көз тігейік. Жәңгір хан Бөкей ордасында Қазақ хандығында бұрын-соңды болмаған абсолютті монархиялық дәстүрлерді енгізді.

«Алғырттан тарғырт ел дарқан,
Патшадан халық қонысын кең тапқан.
Қараңғыда кампас көрмей жөн тапқан,

Қарбаласта халық жинамай сөз тапқан» [4, 366] - дейді Алаша Байтоқ жырау Жәңгірдің абсолютті билігін көрсету үшін. Халық өкілеттігінің шектеліп, биліктің бір орталыққа шогырлануына жағдай жасады.

Бұл сол кездегі заман талабы болатын. Ресейдің басқа аймақтарына қарағанда Қазақстанда феодалдық қатынастар баяу дамыды. Бұл бірқатар факторларға байланысты еді.

Алдымен, көшпелі мал шаруашылығы жағдайында толыққанды билікті орталықтандыру мүмкіндігі шектеулі. Оның үстіне ханды көтеру дәстүрі ханды орталық билікті толыққанды пайдалануын шектеп, элитаға тәуелді етіп қойды. Осыны түсінген Бөкей атадан балаға қалатын, орталықтанған аппараты бар, жергілікті феодалдарға тәуелсіз, монархиялық билік жүйесін құруга тырысты.

Содан соң, феодалдық қатынастардың дамуына кедергі келтіретін негізгі фактор феодалдық экономиканың негізі болып табылатын жерге жеке меншіктің болмауы еді. Мұны түсінген Жәңгір әкесінің жолын

Ергөбек III. Бөкей ордасының пайда болуы мен ондағы саяси-құқықтық...

кушп, орталықтағы билікті нығайту мақсатында Орда иелігіндегі жерлерді жеке меншікке берді [3,109].

Бұл қатынастардың дамуы қоғамда біртекті қатынас тудырмады. Жәнгір хан өзі Астраханда орысша оқып, монархизм рухында тәрбиеленеді. Экономикадағы дворяндық бағыттың дамуы осы Жәнгірдің ішкі саясатының негізгі қозғаушы күші еді. Мәдени салада жаңа ағымдарға жол ашып, ғылым, білімнің дамуына негіз жасады. Дамыған хандыққа сапалы шенеуніктердің қажет болуы жаңа типтегі мектептердің ашылуына септігін тигізеді. «Ол хан ордасында қазақ балаларына арнап тұнғыш рет дүниелік жалпы білім беретін мектеп ашты, оның тұсында қазақ жастары Орынбордағы Неплюев кадет корпусында білім ала бастады. Жәнгір қазақ халқының тұрмыстық заттарының және мәдениет тарихының музейлік коллекцияларын Қазақстандағы алғашқы құрушылардың бірі болды, Қазан университеті жанындағы ғылыми қоғамның құрметті мүшесі болды» [3, 109].

Осылайша Жәнгір өзінің басты миссиясын классикалық түсініктегі орталықтанған абсолютті монархиялық мемлекет құру деп біледі. Мұны Алаша Байтоқ жыраудың Жәнгір хан дүниядан қайтқан соң айтқан келесі сөздері дәлелдейді:

«Құдай үшін салдырған
Құлазып қалды ақ мешіт.
Ақ мешітті сақтаған
Хан сәләмат күнінде
Бұқара байтақ халық үшін.
Бағанасын лағыл тастан қақтырған
Төбесін һәм алтынмен жаптырған» [4, 366].

Қазақстан тарихында Жәнгір ханның сіңірген еңбегі зор. Бөкей мен Жәнгір хандардың негізгі мақсаты - артта қалған халықты жаңа жолға итермелей болатын. Осы мақсатта мемлекеттік аппарат пен қоғамдық реформалар Қазақ даласындағы қатынастарды жаңа сапалық деңгейге көтеру миссиясын атқарды. Жердің жеке меншікке берілуінен туындаған қатынастар қазақ баласына оңай соққан жоқ, көшпелі мал шаруашылығынан отырышы шаруашылық жүргізуіндің тиімділігі айқындала бастады. Салық реформасының нәтижесінде тұрақты қазына пайда болды. Бұл да қарапайым халық тарапынан дұрыс бағаланбады. Құқықтық реформаның нәтижесінде меншікке қарсы жасалған қылмыс қатаң жазаланатын. Қазақ жер қатынастарында айтарлықтай жаңа ұғым - сервитут қалыптасты. Мұнда малын жаюға бара жатқан адамдар өткені үшін алым төлеу-төлемеу мәселелері терең

қарастырылады. Жәңгір ханның мақсаты жәй абсолютті монархияны құра салу емес, оның мақсаты өркениетті, білімдар монархия құру болатын. Бұл мәселенің жүзеге асыру үшін мешіт, т.б. діни-агартушылық мекемелерді кеңінен ашу тәжірибесі қалыптасады.

Жалпы саяси-құқықтық тұрғыдан қарар болсақ Жәңгір ханның реформаларының прогрессивтік мәнін түсіну қын емес. Бұл реформалар Бөкей хандығын жаңа формацияға: классикалық түсініктегі абсолютті монархияға негізделген феодалдық мемлекетке алыш келді деп тұжырымдауға болды.

Бөкей Ордасының негізін қалаушы туралы мәліметтер аз болғанымен, оның Әбілқайыр ұрпағы екендігі айқын. Кіші жүздегі хандық жүйенің реформалануы нәтижесінде қалыптасқан билікке қарсы бой көтерушілердің бірі ретінде белгілі.

Бөкейдің негізгі саяси мақсаты - Кіші жүздегі билікті тартып алу болғандығы белгілі. Ол белді саяси қайраткер, күшті билеуші ретінде кеңінен танылады. Бөкей сұлтан Кіші жүздегі саяси билікке қол жеткізе алмаған жағдайда, өзінің жеке ордасын құрып, қалай болғанда да хандық мансапқа, атаққа қол жеткізуі көздеді. Бұл істе Бөкей өзінің інілері Қаратай мен Орманның, басқа да ықпалды сұлтандардың күшіне сүйенеді.

Алдымен Есім, соңан соң Айшуақ, ал одан кейін Жантөре хандарға ықпалды оппозиция құра алған Бөкей өзінің тұп мақсатына жету үшін Оралдың аргы бетіне көшеді. Нәтижесінде, Қазақстанның саяси картасында жаңа саяси күш Бөкей немесе Ішкі орда пайда болады. Бұл хандықты құруда Ресей Үкіметінің де, Бөкей билеушілерінің де өз мақсаттары болды.

Саяси-экономикалық тұрғыдан Мәскеумен тығыз байланысты хандықтың пайда болуы саяси экспансияға жол аштындығы белгілі. Бөкейді хандық билікке көтергенде ежелден келе жатқан барлық дәстүрлердің сақталғандығын ерекше атап өткен жөн.

Осы уақыттан бастап Кіші жүзде бір-бірінен тәуелсіз екі хандық орнады деуге болады. Кіші жүз шенберінде екі хандықтың пайда болуы экспансиялық саясаттың емес, Кіші жүз ішіндегі алауыздық пен саяси қарсылықтың нәтижесі деп қарастырады. Хандық билікке тән барлық дәстүр нормаларын сақтап отырган Бөкей хандығын да шынымен ерекше бедел мен ықпалға ие болғандығын айта кетейік. Алайда Кіші жүз көлемінде көптеген тайпалар Бөкей сұлтанды занды билік иелеріне қарсы күресуші тұлға, Жантөре ханның өліміне қатысты тұлға ретінде белгілі болғандығын айта кеткен орынды. Осы

Ергөбек III. Бөкей ордасының пайда болуы мен ондағы саяси-құқықтық...

орайда жаңа хандықтың пайда болуы және оппозицияның белді тұлғаларының Бөкей хандығының маңайында шоғырлануы - Кіші жүзде саяси тұрақтылық факторына айналды.

Хан ішкі және сыртқы саясатты тәуелсіз кейіппен жүргізуге тырысқанымен, шын мәнінде, толыққанды тәуелділік сақталды деп айтуға болады. Бөкей ордасының тұңғыш ханы Бөкейдің саяси-құқықтық көзқарастары әдет-ғұрыптық шеңберден шыға қоймайды. Бұған қосымша өзінің билігінде Ресей империясына арқа сүйеген Бөкей Ресей нормаларын бағыт етіп ұстады деп қарауға болады.

Жалпы, Бөкей көп жағдайда дәстүршіл билеуші, тәжиірбелі басшы ретінде белгілі. Оның ұлы Жәңгір далалық дәстүрлі билікке талас режимінде өскен қайсар мінезді, прогресшіл, Ресей ықпалында өскен белді қайраткер, адудынды билеуші ретінде болатын. Жәңгірдің хандық билікке келуімен Ресей басшылығы тарапынан хандықтың ішкі саясатын бақылау мен қадағалау тоқтатылып, жаңа басшылыққа толық сенімділік білдірілді.

Жәңгірдің біртұтас шаруашылық құруға тырысқандығы байқалады. Ресейдің ірі феодалдық иеліктерін шаруашылықтың ең үлкен шыны деп қабылдаған Жәңгір Бөкей ордасын біртұтас шаруашылық кешенге айналдыруға тырысты. Оның үстіне Шығайдай оппозицияны жеңген Жәңгірдің саяси арқасүйері Ресей империясы тарапынан жақсы одақтас іздеуі де заңдылық. Жәңгір билікте дәстүрлі жолдарды сақтамаған, Ресейдің билік жүйесін ұстанғанын, экспансиядан одақтас тапқанын прогресс қажеттілігі деп ұққан жан.

Бөкей ордасындағы хандық биліктің қалыптасуына ықпал еткен екі кезеңді бөліп қарастыру қажет. Бірінші кезең – (Бөкей кезеңі) – ол даға билеушілерінен ерекшеленбейтін кезең. Орта жүз билеушілері секілді хандық билік әлсіз, ал мемлекет ыдыраңғы болатын. Ал, екінші кезеңде (Жәңгір кезеңі) хандық билік нығайып, абсолютті монархияның барлық дерлік қасиеттеріне ие бола бастады.

Екінші кезеңде патшалық Ресейдің ішкі саясатқа араласпау саясатын қолданған Жәңгірдің тұсында орын алғандығын айта кетуі керек. Ресей империясымен қатынастардың жақсаруы Бөкей ордасының билеушісінің позицияларын нығайтып отырды. Жәңгірдің тагы бір мақсаты - Қазақ хандығы мен Ресей империясының арасында дәнекер болу еді. Сондықтан, сауда-экономикалық қатынастарын дамыту үшін, бірқатар ірі жәрменкелер, мектептер ашылып, мәдени қатынастар нығайды. «Ханның біршама ішкі дербестігі болды. Ол дербестік қаржы-салық, жер бөлу, рулық-территориялық басқару,

халықты шаруашылық жағынан орналастыру түрінде жүзеге асты» [5, 85].

Оның белгілеген салықтарының негізгі бөлігі қарапайым халыққа түсken ауыртпалық болатын. Бел қайыстырган жағдайлардың қарсылық туғызыбауы мүмкін емес еді. Сондықтан, қазақ даласындағы бірқатар ірі көтерілістерге Жәңгір ханың саясаты себеп болды. Қазақ хандығының ұзын ыра жолында біртіндеп қалыптасып келе жатқан феодалдық қатынастардың тез орнауы, тарихи заңдылық тұрғысынан да күрделі болатын.

Жәңгірдің ішкі саясаттағы тұрақтылығы рубасылардың билігін шектеу арқылы ғана жүзеге асты десек те болады. Жердің жеке меншікке берілуі, салық жүйесіндегі өзгерістер, дәстүрлі дала демократиясының институттарының ыдырауы, қоғамдық қатынастардың құрт өзгеруі, қазақ қоғамындағы эволюциялық принциптердің орнын Махамбет пен Исадай бастаған революциялық көтеріліске алып келгендігі де заңдылық. Бұл Жәңгір ханың кемшилігінен пайда болған көтеріліс емес, қоғамның кейбір күрделі құбылыстарға дайын болмағанынан туындаған көтеріліс. Өзінің ішкі саясатындағы одақтастарына байлықты аямастан төгетін, қарсыластарын аяматай езетін Жәңгір қазақ абсолютизмінің шырқау шегіндегі тұлға, қазақтың тұңғыш әрі соңғы абсолютті билеушісі!

Ресей абсолютизмінің қазақ даласындағы ең жақын одақтасы болып табылған Бөкей ордасы шын мәнінде толыққанды отар болды.

«Біреуден қызын-қыстау іс көрсе,

Патшаға жүз көрісіп,

Арызын өзі айтуда жол тартқан» [4, 366] - деп жырлайды Алаша Байтақ жырау.

Классикалық түсініктегі билік институттары енгізіліп, бұрын биліктің орталықтану деңгейінен де жоғары дәрежеге жетті. Ханың жанында консультативтік функцияларды жүзеге асыратын хандық кеңес қызмет атқарды. Бұл кеңеске Жәңгір хан өзінің ең жақын жақтастарын тағайындалап отырды. Яғни, бұл бұрынғы дәстүрлі хандық кеңестен елеулі өзгерістерге ұшыраған, әлсіз әрі ханың «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстайтын консультативті органды ретінде ғана қалды. Іс жүзінде хан кеңесі хандық абсолютизмінің қолшоқпary болып қалыптасты. Бұл туралы көрнекті заңгер, академик С.З. Зиманов былай деп жазады: «Джангир-хан, опираясь на поддержку правительства, стремился к единовластию во внутренних делах. В его руках была сосредоточена высшая административная,

Ергөбек III. Бөкей ордасының пайда болуы мен ондағы саяси-құқықтық...

судебная и законодательная власть в ханстве. Он сам разбирал судебные дела, считался судом второй инстанции по делам, решенным родовыми начальниками и ханскими биями; устанавливал новые налоги, ввел телесное наказание, новые виды штрафов за неуплату долгов, понятие «ослушания воли начальства» [6, 106].

Классикалық түсініктегі монархияның ішкі атрибуттарының барлық қасиеттеріне ие болуға тырысқан Жәңгір хан ең жоғарғы сот билігін де, заң шығарушы билікті де өз қолында шоғырландырды.

Ру басылардың шешімдеріне апелляциялық инстанция ретінде қалыптасқан хандық сот, соңғы кезеңде ең жоғарғы инстанцияға айналуын Ресей әкімшілігі тарапынан Жәңгірге артылған үлкен сенім ретінде қарастыруға лайық. Себебі, тәуелді хандықтың үстінен қарайтын бірқатар мемлекеттік органдардың, ханның шешімін өзгертуге ықылас білдірген кездері болмады деуге негіз бар.

Жәңгір хан Бөкей ордасындағы өзінің шексіз билігін пайдалана отырып, бірқатар салық реформаларын жүзеге асырғандығы белгілі. Мұнда тек көшпелі халықтарға тән салықтарға ғана емес, толыққанды мұсылман мемлекетіне тән басқа да көптеген салықтар енгізілгендігі салық жүйесін кемелдендіруге ықпал етті. Яғни, Жәңгірдің тұсындағы хандық биліктің реформалану үрдісі мен өзгерісі Жәңгірді шығыстық элементтері бар деспотиялы, орталықтанған билік институттары қалыптасқан, абсолютті монархияның барлық элементтері сақталған қазақ даласында бұрын-соңды болмаган прогрессивті мемлекет құруга ықпал етті. «Власть в ханстве была централизована. Прежняя самостоятельность султанско-бийских владений была ликвидирована, а сопротивление старой родовой знати, тяготевшей к независимости внутренней политике, сломлена» [6, 106].

Ішкі егемендіктің сақталуы хандықты заң жүзіндегі тәуелділіктен құтқармады және хан билігін белгілі дәрежеде шектеп отырды. Бұл Жәңгірдің саяси-құқықтық ойларының белгілі дәрежеде орысшыл бағытта болғандығын айқындайды. Ресейден білім алғанымен ішкі саясатта тек ислам дініне арқа сүйеген Жәңгір өзінің ішкі саясаттағы тірекі ретінде діни элитаны пайдаланып отырды. Сондай-ақ дінді өзінің тірекіне айналдырығысы келген хан жүргізген саясатының негізгі элементі ретінде діни оқу орындарын қолдау мен дін позицияларын қоғамда нығайтуға дең қойды.

«Хиуадан келген Қабыл хан,
Ыстаң болдан келген Сейіл хан,
Қырымнан келген қырық әжі,

Қырық әжіге бір қазы,
Намазға күнінде қырық мың шәкірт жиылған,
Баршасы бір имамға ұйыған,
Залымдар жауыз істен тыйылған» [4, 366].

Бұл жалпы жергілікті әкімшілік тарапынан қажетті кадрлар дайындау қажеттігінен таралды. Оның үстіне өзінің Ресей империясымен тығыз қатынастарын тиімді пайдаланған Жәңгір тұсында Ресей қалаларына бай балаларын оқытуға жіберу дәстүрі қалыптаса бастады.

Мәдени-экономикалық қатынастардың дамуы қазақ даласындағы отырықшылық дәстүрді туғызды. Шын мәнінде Жәңгір өзінің билік құрған тұсында Ресейді қуатты етіп көрсеткен саяси жүйені Қазақ даласына енгізу арқылы Қазақ даласын әлеуетті күшке айналдыруға тырысқандығы байқалады. Осы тұрғыдан Жәңгірді европашыл деп те қарастыруға болады. Себебі, хан өзінің ішкі реформаларының негізгі мақсаты деп Ресей империясы мен Батыс мемлекеттерінің саяси жүйесін қабылдады. Хандық биліктің орталықтануы бұл реформаларды жүзеге асыру үшін маңызды тетік деп білді. Қазақ даласында орын алған бұл реформалар хандық билікті нығайтып қана қойған жок, феодалдық қатынастардың дамып, қазақ мемлекеттігінде бұрын орын алмаған мемлекеттік билікті жаңа биік сатыға көтеруге ықпал етті. Қазақ хандығының тұсында бұрын-соңды болмаған мемлекеттік, бюрократиялық институттардың дамуына ықпал еткен бұл процесті бір жақты бағалауға болмайды. Шын мәнінде мемлекеттік билік институттарының кемелденуі мен дамуына ашылған кең мүмкіндіктер хандық биліктің классикалық түсініктे орталықтанып, Бөкей ордасының хандық биліктің шырқау шегінің көрсеткіші болғаны айқын. Қазақ мемлекеттігінің дамуы мен қалыптасуында Бөкей ордасының орны ерекше. Бұған ықпал етіп, мемлекеттік дамуда ерекше еңбек сінірген Бөкей мен Жәңгір хандардың саяси-құқықтық ойлары мен мемлекетке деген пікірлері екендігінде ешқандай дау жоқ. Орине, бұл процестердің мемлекеттік егемендік пен тәуелсіздіктен айрылып, Ресей ықпалы күшейгенде орын алғандығы орыс ықпал ету факторын күштейтеді. Алайда, Жәңгір хан реформаларының айтарлықтай тәуелсіз ішкі саяси жағдайда орын алуы, құқықтық тұрғыдан және басқа да жағдайларда ислам дәстүрлері мен қазақ ғұрыптарына арқа сүйеуі бұл мемлекеттік құрылымдардың қазақы болуына ықпал етті.

«Бұ ханнан соң хан да жоқ,

Ергөбек III. Бөкей ордасының пайда болуы мен ондағы саяси-құқықтық...

Қазаққа енді бұрынғыдай кеңдік заң да жоқ,
Атамыз Адам сілбінен

Мұндай болып өткен пенде жоқ» [4, 366 б.].

Жырауды толғандырып отырған мәселенің ең маңыздысы шектеулі болса да, ішкі тәуелсіздікті хан өлімінен кейін де сақтап қалу. Яғни, мұнда жаңа мемлекеттік құрылымдардың пайда болуына қарағанда ескі құрылымдарды заман талабына сай өзгерту, икемдеу деп қабылдауға болары сөзсіз.

Хан билігінің кеңеюі ру билеушілерінің билігінің шектелуімен бірге жүрді. Енді рубасылар жекелеген руладың билеушілерінен, хан билігінің өкілдеріне айналды. Бұл процестер билер тарапынан наразылық тудырып отырғандығы және белгілі.

Жалпы тұрмыс пен шаруашылық жүргізудің күрделенуі халық пен ескі билеушілер тарапынан қарсылық туғызды. Бұл қарсылықтың ең ірі көріністерінің бірі - Махамбет пен Исадай көтерілісі болды. Көтерілістің ең айқын себептері - жаңа жер қатынастары, дәстүрлі шаруашылық пен билік принциптерінің өзгеруі, далалық элитаның жаңа билік жағдайларына икемделе алмауы, олардың дәстүрлі өкілеттіктерінің шектелуі, т. б. болатын. Жаңашылдық халыққа да оңай тимеді. Тұрақты салықтардың енгізілуі мен оның тұрақты түрде ұлғайып отыруы халық тарапынан наразылық туғызды. Бұл қақтығыстарда Жәңгір жаңа ықпалды элитаға арқа сүйегенін ескерсек, қазақ қоғамындағы реформаларға деген пікірдің біржакты болмағандығын байқаймыз.

Дәстүрлі қоғам жаңа заман талаптарын толық игере алмады. Оның заман талабына сай өзгеруіне ықпал ететін реформалар бірден халық қолдауына ие болуы екіталай еді. Өз заманының озық ойлы өкілдерімен тұрақты, жақсы қатынаста болған Жәңгір халықтың артта қалуының себептерінің бірі білім беру жүйесінің кемелсіздігінен деп білді. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін мұсылманша дәріс беретін бірнеше оку орындары ашылды. Бұл оқу орындарында шаригат пен әліпбиден басқа бірнеше маңызды базалық дәрістер берілді.

«Байтаққа патша хан болған,
Қараңғы үйге шам болған,
Дүнияга қылған ісі даң болған,
Әділ бір туған ақ сұңқар,
Байтағың енді бір көрерге зар болған» [4, 367]!

Мұнда ханның тек әділдігі гана емес, білім беріп, халықты қараңғылықтан құтқарғандығы айтылады.

Ресейге окуга жіберілген окушылардың рухани азғында мауы үшін бұл діни дәріс беру орталықтарының маңызды болғандығы және айқын. Мәдени қатынастардың тереңдеуі қазақ қоғамында қайшылықтар тудыруы ықтимал еді. Сондықтан мұсылман дәстүрлеріне негізделген мектептер - заман талабы. Оның үстінен дінді өзінің ішкі саясатының тірекі ретінде қолданғысы келген Жәңгір кейбір ислами ғұрыптарды құшпен енгізуге мәжбүр болды. Діни қызметкерлер мен қожалардың көбеюі орданың діни негіздерін нығайту мақсатынан туған. Ресей мәдени құндылықтарына қарсы қолданатын діни бағыт халық тараپынан қолдау тапты. Бұл кейін қазақты шоқындыруға қарсы діни оянуыштыққа ұласты.

Мемлекеттің негіздерін ұлғайту үшін ең маңызды факторлардың бірі - аймақтық рулық элитаны әлсірету миссиясын да хан тиімді жузеге асыра алды. Осылайша халықты ру мен тайпа шенберінен шығарып, тұтастандыру процесін жүргізді.

Хан өзінің билігінің негізгі тірекі ретінде жаңа элитаны қолдағандығы белгілі. «В усилении ханской власти имело значение и то обстоятельство, что в результате передачи лучших земельных участков во владение отдельных категорий знати, освобождения части местной знати от несения общих повинностей и налоговых сборов путем присвоения звания тархана и представления на награждение русскими чинами части знати хану на определенном этапе удалось создать более или менее стабильную социальную опору власти» [6, 106-107].

Ханның шекаралық шенеуніктерге тәуелділігіне қарамастан ішкі саясаттағы тәуелсіздік ішкі ресурстарды жұмылдыруға тамаша ықпал етті.

Қазақ қоғамындағы келесі бір күшті әлеуметтік топ төрелердің тарихтың бұл кезеңінде өзінің бұрынғы ықпалынан айрыла бастаған кезі болатын. Бекей ордасындағы сұлтандардың негізгі бөлігі Бекейді қолдан Кіші жүзден қол үзіп қалған төрелерден тұратын. Бұларды орналастыру үшін Жәңгір қолынан келген көмекті аямады.

Өзінің күшті негізі болатынын түсінген Жәңгір элитаның бұл тобымен үнемі кеңесіп отыратын. Бұл неформальды орган хандық билікке ықпалының күші жағынан алғашқы орындарды иеленетін. Бұл орган формальды болмағандығына қарамастан ішкі саясатқа қарасты сұраптардың бәрі дерлік осы орган шенберінде талқылаудан өтетін. Хан Бекей де, Жәңгір де бірінші сұлтан, сұлтандардың қорғаушысы болып табылатын. Төрелердің санының көп болуы бірқатар

Ергобек III. Бөкей ордасының пайда болуы мен ондағы саяси-құқықтық...

қыншылықтар тудырғандай еді. Алайда, өздерінің әлеуметтік қорғанысын қамтамасыз ететін сұлтандардан қызмет аямаған әкелі-балалы екеуі ең өтімді қызметтерді төрелерге берді. Олардың ішінде ең беделді, ықпалды топ Нұралы ханнан тараган ұрпақ болатын. Әбілхайырдан тараган басқа ұрпақтармен қатынасы күрделі екеуі өздерінің басқа туыстарынан қол үзіп қалмауға тырысқандығы белгілі.

Ақсүйектер рөлінің күшеюі, бұқарадан шыққан элитаны ығыстыруға тырысуы әлеуметтік қақтығыстарға да алып келеді. Бұл текетірес Бөкей ұрпақтарының женісімен аяқталды.

Ішкі саясаттағы өзгерістердің тез орнығуы - орданың Қазақ даласының тарихында толыққанды феодалдық қатынастар қалыптасқан, абсолютті монархиялы мемлекет болғандығының дәлелі! Ал Жәнгір мен Бөкей хандар осы мемлекеттің негізін қалап, дамуындағы ең биік формацияға көтерген тұлғалар ретінде тарихта қалары да белгілі. Осы тұрғыдан қарастырап болсақ, қазақ тарихындағы бұл прогрессіл тұлғалар өз орнын әлі де толық алмағанын айтамыз. Алда бұл саладағы зерттеулер аталағыш ұлы тұлғаларға әділ баға беретіндігіне сенімдіміз.

Махамбет шығармашылығындағы саяси-құқықтық ойлар

Махамбет Өтемісұлы қазақ тарихында белді орын алғатын дарын иесі: ақын, қоғам қайраткері, халықтың мұңын жоқтаған ойшыл, ұлттың азаттығын аңсаған батыр. «... его стихи звали к борьбе против алчных ханов, султанов, обиравших народ, как волчьи стаи» [7, 58].

Махамбеттің саяси - құқықтық ойлары Бөкей ордасында болып жатқан қоғамдық-саяси өзгерістермен тығыз байланысты туындағаны хақ. Жәнгір хан реформалары қарапайым халыққа оңай тимеді. Жердің жеке меншікке үлестіріліп берілуі, жаңа феодалдық қатынастардың орнығуы халықтың тұрмысын ауырлатты. Бұл жағдайда жастайынан либералды ойларымен белгілі ақын бұл мәселелерге жәй қарап тұра алмады. «В период восстания казахских шаруа Внутренней (Букеевской) орды интересы народа совпадали с интересами старшин, возглавляемых Исадаем и Махамбетом, так как борьба была направлена против высшей феодальной знати (ханов, султанов)» [8, 87].

Махамбеттің саяси-құқықтық ойларының іргетасы - еріктілік, теңдік, бостандық, сондай-ақ жаңадан туып келе жатқан қанаушылыққа қарсы тұру болатын. Бұл жырау поэзиясындағы ең маңызды проблема болып табылады.

«Корлықта жүрген халқыма

Бостандық алып берем деп,

Қырық бір жасқа келгенде,
Ауыр әскер қол ертіп,
Жасқұсқа барып кіргенде,
Арыстандай ақырган
Айбатыма шыдамай,

Хан баласы жылады-ай» [4, 180],- деген ақын өзінің күресінің негізгі мақсаты қорлықта жүрген халқының еркіндігі екендігін айқын айтады. Осы орайда Махамбет заманында феодалдық қатынастардың айтарлықтай дамығандығын айтуга болады. Осы формациямен бірге келетін бірқатар құбылыстар маңызды рөл атқарады. Мұндағы қорлықтың туындау себебі - жаңа қоғамдық құрылым. Ал мұндай заман құбылыстарына қарсы тұрудың бір ғана амалы:

«Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі наиза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей
Ашаршылық, шөл көрмей,
Арып-ашып жол көрмей,
Өзегі талып, ет жемей,
Ер тесектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Тұн қатып жүріп, тұс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Ку толағай бастанбай,

Ерлердің ісі бітер ме?» [9, 35-36] – деп толғайды ақын. Яғни, жыраудың монархияға қарсы күш қолдану тәсілін ұсынуы бұрын тарихта болмаған оқиға. Мәселе саяси ой өркендей келе, басты мәселе - билік мәселе. Мәселе төрелердің қалыптасқан монополиясын жою. Осы тұрғыдан Махамбет ойлары белгілі француз ойшылы Жан Боденмен сәйкес келеді. Мұндағы басты принцип - биліктің халықта болуы. Бұл билікті халық өз арасынан таңдаған бір адамға береді. Ол адамның тіпті төре тұқымынан болуы міндетті емес:

Халық үшін қан төгем деп,
Қараны ханға теңеп берем деп,
Ол мақсатқа жете алмай,
Дегенімді ете алмай,

Көр болдық-ау, Махамбет шырақ-ай, – дейді. Яғни мұндағы билік басындағы тұлға кез-келген патриот адам болуы мүмкін. Бұл адамға абсолютті билік тапсырылуы керек. Халықтың жағдайы мен мұн-мұқтаждықтарына - көңіл аудармаган билеушіні тақтан тайдыру қажет. Бұл құқық толықтай халық қолында. Мұны Махамбеттің:

«Жүйрік аттың белгісі
Тұрады құйрық-жалында-ай.
Айтып-айтпай, немене,
Халық қозғалса,
Тұра алмайды хан тағында-ай...»[4, 168]

немесе:

«Алтын тақты хандардың
Хандығынан не пайда,
Қаріп пенен қасірге

Туралық ісі болмаса» [10, 58], - деп тұжырымдайды. Мәселе, адамның кім, қандай текten екендігінде емес, оның халыққа деген ықыласында! Дегенмен, Махамбет - дәстүршіл жырау. Хандық дәуір жыраулық улгісінің жалғасы. Дәстүршілдік Махамбеттің ойы бойынша өткеннен үйрене отырып жаңа ойларды жинақтауға, топтастыруға көмектеседі, үрпакаралық сабактастықты қамтамасыз етеді.

Махамбет Өтемісұлы саяси дербестік пен тәуелсіздіктің жыршысы. Оны Ресей империясының отарлық саясаты қинайды, толғандырады:

«Тептер үшін тебістік,
Еділ үшін егестік,
Жайық үшін жандастық,
Қиғыш үшін қырылдық,
Тендікті малды берmedік,
Тендіксіз малға көнбедік» [4, 174].

Мұнда Махамбеттің тек отаршылдарға ғана емес, ішкі реформаларға да қайшылығын байқауға болады. Бұрыннан қасиетті болып келген жерге жеке меншіктің орнауы, оның азаматтық-құқықтық қатынасқа тауар ретінде қатысуы ақынның жанын ауыртқандығы сөзсіз. Махамбет көзқарасы, тарихтың сол бір кезеңі үшін ерекше озық көрінеді. Оның Орынборда болған жылдары

патшалық үкімет тарапынан теперіш көруінің өзі саяси ой егесінің тіпті Ресей империясының ішкі саясатына қауіп төндіргенін байқаймыз. Махамбеттің түсінігінде тәуелсіздікті жоғалту одай болғанымен, ол үшін құресіп, қайтарып алу қынға соғады:

«Беркініп садақ асынбай,
Бірінде жауды қашырмай,
Білтеліге қол салмай,
Қозы жаурын оқ алмай,
Қорамсаққа қол салмай,
Атқан оғы жоғалмай,
Балдағы алтын құрыш болат,
Балдағынан қанға боялмай,
Қасарысқан жауына
Қанды көбік жұтқызыбай,
Халыққа тентек атанбай,
Ерлердің ісі бітер мे?» [4, 166]

Бұл өлең жолдары бізге Махамбеттің қоғамға деген көзқарасын айқындалп береді. Ұлы мұрат – мақсаттар құрбандықсыз болмайды. Осыған қарағанда Махамбеттің революционерлік бағыттағы саясаткер екендігі анғарылады. Қоғам өзінің құндылықтары үшін құресуі керек. Құш қолданусыз қоғамдағы әділеттіктің орын алуы қын. Тек, жау қашып, билік өзгерсе ғана халық өзінің мұратына жетеді. Бұл сыйндарлы ойлар Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» атты өлең жолдарында да айқын көрініс тапқан. Қазақ халқының негізгі мақсаты үшін адам кез келген қындылыққа бара білуі керек. Тек осындай әдіспен келген құндылықтар баянды болады. Ең маңызды мәселе - осы құндылықтарды жаулаш алу ғана емес, бұл құндылықтарды сақтап қалу. Демократиялық құндылықтарға қол жеткізген қоғам өзінің негізгі мақсат-мұраттарын ұмытпауы үшін бұл құндылықтарға қалай қол жеткізгендігін ұмытпағаны жән. Осы мұрат үшін бәрі де құрбандық. Батырлық ақынның қанында бар. Оның билеуші тап өкілдеріне қоятын бір сауалы бар. Ол сауал: Неге бай мемлекеттің, шұрайлы жердің иелері болып табылатын халық нашар өмір сүруі керек? Жаңа жүйе ұсынып отырған хан Жәңгір неге халық қамын ойламайды? Оның Жәңгірге деген ашу-ызасына келесі сөздері мысал бола алады:

«Хан емессің, қасқырсың,
Қара албасты басқырсың,
Достарың келіп табалап,
Дүшпаның сені басқа ұрсын!

Хан емессің, ылаңсың,
Қара шұбар жылансың.
Хан емессің, аярсың,
Айыр құйрық шаянсың» [4, 167]!

Бұл өлең жолдары Махамбеттің тек Жәңгірге деген позициясын анықтап қоймай, жалпы хандық билікке көзқарасын айқындейдь. Мұндағы ең маңызды мәселе хандық билікті Махамбет негізгі қайнар көз – қалыпты саяси жүйе ретінде мойындаиды. Бөкей ордасындағы монархияның спецификасына көз жеткізеді. Біріншіден, ол монархия ежелгі дәстүр бойынша сайланбаған. Яғни, бұл биліктің дала дәстүрі бойынша легитимді болуы қыын. Екіншіден, атадан балаға мұра болып қалатын бұл биліктің Ресей отаршыл әкімшілігі тарапынан берілгендейін мойындауға мәжбүрміз. Яғни, бұрынғы халықтың хан сайлау құқығының Ресей әкімшілігінің хан тағайындау құқығымен алмастырылғандығын байқау қыын емес. Бұл, көзқарастың негізіне көз жүгіртер болсақ, Жәңгірдің хан болып отырғандығы дәстүрлі тұрғыдан толыққанды мойындалған, легитимді монархия деп айтуда болмайды.

Оның үстіне, Жәңгірдің феодалдық қатынастарды дамыту мен билікті орталықтандыруға бағытталған реформаларының барлығы дерлік көшпелі қоғам тарапынан туындаған қарсылыққа тап болады. «Патша қалыптасқан заттар ретін өзгеріссіз қалдырмай, оны өзгерткенде өзінің аса құдіреттілігін танытамын деп ойласа, онда монархия құлайды. Монархия патшаның біреулерге занды турде тиесілі қызметтерін өз қалауынша басқаларға алыш берген жағдайда, патшаның өз ерік-жігерінің шешімінен гөрі өз қиялышының шешімдерін ұнатқан жағдайда құлдырауға ұшырайды.

Патшаның барлығы тек өз жеке басына қатыстырып, мемлекетті өз астанасына, ал астанасын - өз сарайына, ал сарайын - өз жеке тұлғасына теңестірер болса, монархия өледі» [11, 138 б.].

Көшпелі қоғамдағы негізгі байлықты мал деп қарастырганмен, экономиканың негізі мал шаруашылығын жүргізу үшін шүйгін жайылымдық жерлер екендігі бесенеден белгілі. Ал, бұл жерлердің бұрыннан иесі қазақтың жекелеген ру-тайпалары болатын. Ханың жерлердің бәрін өзіне алыш, жақтастарының арасында бөлуі, жерге деген меншіктік көзқарастың қалыптасып, хан қолына шогырлануы қазақ көшпелі қоғамының қарсылығын тутызғандығы хақ.

Осы, тұрғыдан Бөкей ордасындағы ішкі қайшылықтар Махамбет пен Исатай секілді тұлғаларды тарих аренасына алыш шығуы – табиғи, тарихи зандылық. Ал, Махамбеттің қалыптасқан, жағдайдан шығудың

жолын халықтың билікке негізделген билік формасынан іздеуі де заңды. Бұл, тек адамдардың құқық пен мемлекет алдындағы тенденция жағдайында ғана орын алатындығын түсінген Махамбет әділетті өмір дәстүрін – дала демократиясын енгізуге тырысады.

Махамбеттің бұл ойлары Томас Мордың утопиялық ойымен сабактасып жатады. Жерүйік ізdep өткен Асан Қайғыға қарағанда, Махамбеттің ойлары Жерүйіктың күрге бағытталған. Махамбеттің ойынша, Жерүйік орнаған жер жоқ. Алайда, оны орнатуға болады. Ол үшін әділетті билік орнату керек. Ол билік жеке адамның билігі емес, халықтың билігі болуы керек. Билік кедейлерге қорған болып, шаруашылық жүргізуге жағдай жасауы керек.

Махамбеттің ойын таптық түрғыдан қарастыру дұрыс емес. Себебі, ол нақты бір әлеуметтік топқа қарсы бағытталған көтеріліс емес, заң мен мемлекет алдындағы тенденцидікке, яғни әділетсіздікке қарсы бағытталған көтеріліс деп қарауға болады. Жеке биліктің халықтың жағдайын жасай алмайтындығына көз жеткізген ақын халықтың билік орнатуға ынталы. Ол ханға халық билігінің өкілі ретінде емес, тіпті қазақтардың Ресей империясымен қатынастарын реттеуші тұлға емес, империяның жендеті деп қарайды. Жеке адамның билік институтындағы ұстанымдарының жеткіліксіздігі бүкіл билікке сенімсіздік тудырып отыр.

Махамбет пен Исарайдың Жәңгір ханмен болған жеке қақтығысы халық көтерілісіне алып келгендей көрінгенімен, халықтың наразылығының мұнда ерекше күші мен маңызы сезіледі. Бұл жәй, билік үшін талас емес, күрылған мемлекеттік билік жүйесіне қарсы құрес екендігі анғарылады. Махамбет шығармашылығында халық қамы ең басты орында. Жаңа қоғамдық қатынастарға икемделмеген халықтың жағдайының жақсарапы екі талай. «Жәңгірдің ісі» өлеңі ақынның жаңа қатынастарға үйрене алмаған қазақ халқының Орынборга крепостной, басыбайлы шаруа ретінде кетіп бара жатқандығын суреттейді:

«Міне алмаған алаға-ай,
Шыға алмаған дағаға-ай,
Қара қазақ баласын
Атаңа нәлет Жәңгір хан
Көзінен тізіп жіберді-ау
Орынбор деген қалаға-ай» [4, 171 б.]!

Бұл өлең жолдарының Ресейдің рухани-мәдени экспансиясының кеңейген дәүірінде жазылғандығы байқалады. Жаңа туындаған

Ергөбек III. Бөкей ордасының пайда болуы мен ондағы саяси-құқықтық...

қатынастарды реттейтін жаңа кадрларды қажет еткендіктен, қазақ балаларын Орынборға жіберіп, батыстық білім алуға жағдай жасайды. Өрине, дұрыс ниетпен жасалған бұл қадамның теріс жағы да бар. Ресейлік құндылықтарға негізделген өмір аңқау қазақ балаларын ата жолынан аудырып, жаңа рухани әлем ашар еді. Қазақ жеріне өз билігін орната алған Ресей әкімшілігі енді қазақ қоғамының рухани құндылығына қол сұға бастаған болатын. Оның үстіне көтеріліс кезінде Жәңгір Орынборды бекініс ретінде пайдаланып, ол жерде өз жақтастарын ұстағандығы белгілі.

Махамбет әділетті басқару идеясын дәстүрлі қоғамнан іздегені ҳақ. Ол легитимді сайланбаған, Ресей үкіметі тарапынан таңылған Жәңгірге оппозиция болуы да сондықтан. Махамбет қазақ көшпелі қоғамының негізгі қайнар көзі болып табылған әдет-ғұрып нормаларына қайта ден қою, оралу арқылы әділетті қоғам орнату идеясын ұсынады. Ресей әкімшілігінің жүзеге асырып отырған реформалары халықты түп-тамырынан ажырату деп ұқсан Махамбет, бұл реформалар дала демократиясының, дәстүрлі институттарының жүйесін бұзғандығына қатты налиды:

«Карт бұғыдай билерден
Ақыл сұрап құн қайда?
Бізді тапқан ананың,
Асыраған атанаң
Ризалықпен жайласып,

Қолын алар күн қайда?» [9, 38] - дейді ақын. Шын мәнінде де Ресей ықпалымен қазақ даласында, әсіресе Бөкей ордасында жүзеге асырылған реформалар қазақ халқын дәстүрлі құндылықтар мен принциптерінен айырып отыр. Жоғарыда көрсетілген бірқатар құндылықтардың өзара қайшылыққа ұшырап отырғандығын байқау қыын емес. Мысалы, адамдардың тенденциясынан мен төрелердің билігіне қарсы тұру. Қара халық пен далалық аристократияны әдет-ғұрып нормаларының негізінде татуластыру мен теңестіру аса қыын мақсат екендігі айқын. Дегенмен, дала демократиясында заң алдындағы тенденция, сайланбалы хандық секілді билік институттарының болғандығы, дала демократиясының өкілдері билер мен жыраулардың ықпалының күштілігінен хандық биліктің шектеліп отыруы, оның үстіне қоғамның еркін мүшелеріне берілетін құқықтар мен бостандықтардың сақталуын жіті қадағалаудың орнатылуы бұл принциптердің әлі де кең қолданылуына ықпал етеді.

Дәстүрлі қазақ қоғамын әділетті қоғамнан алыс деп қарастыруға болады және оған негіз де жоқ емес. Алайда, әлі пісіп жетілмеген монархияның абсолютті принциптерінің енгізілуі әрине қоғам тарапынан қарсылық туғызбауы мүмкін емес. Жаңа қолданылатын принциптерге қарағанда, дәстүрлі принциптердің біріншіден көшпелі дала өміріне икемді екендігі, екіншіден әлде қайда әділетті екендігі айқын. Оның үстіне биліктің атадан-балаға қалуы қазақ қоғамындағы дәстүрге тән емес. Қазақ хандығында әдетте, билік, сайлау арқылы ханның жақын туыстарына, олардың ішінде аға-інілеріне бұйыратын. Қазақ хандығы дәүіріндегі туындал отыратын билікке таластың орын алмауының басты себебі осы.

Абсолютті, атадан балаға қалатын монархия, бұл режимге қарағанда прогрессивті мәнге ие болғанымен, абсолютті монархия үшін жағдай пісіп жетілмеген-ді. Оның үстіне, Махамбет ескі әдет-ғұрып нормаларын көсіз қолдана бермей, жаңа жағдайға сәйкестендіруді көздейді. Қазақ дәстүрлі элитасының патшалық Ресеймен ауыз жаласқанынан, оның тиімсіз ішкі саясатынан, қазақ халқын ыдыратуға бағытталған саясаттың қолшоқпaryна айналған төрелерден көнілі қалған Махамбет биліктің касталық жолмен берілуіне қарсы. Ол хан институтына қарсы емес. Тіпті белгілі дәрежеде авторитарлы басқаруды қолдайды. Ханның төре тұқымынан болуы Махамбет үшін маңызды емес. Касталық жүйе дұрыс билеушінің билікке келуіне кедергі келтіреді. Сондықтан, ханды қарапайым халық өкілдерінен де сайлауға болады. Тек қана болады емес, солай болуға міндетті. «Адамдар тумысынан тең құқықты» қағидасын, Махамбеттің келесі өлең жолдарынан байқауға болады.

«Жақсыдан туған жаман бар –
Күндердің күні болғанда
Жарамды бір терігे алғысыз,
Қасына адам барғысыз.
Жаманнан туған жақсы бар –
Атасын айтса нанғысыз!» [4, 170], -

немесе:

«Ханинан қырық туғанша
Қарадан бір-ақ тусайшы,
Халықтың кегін қусайшы,
Артымыздан біздердің
Ақырып тендік сұрарға!» [4, 189], -

немесе:

«Ақсүйектің баласын
Қара ұлына тенгердім,
Қоңыраулы найза өңгердім.
Жетімдерге жер бердім» [4, 182].

Шынында да жоғарыдағы жыр жолдарынан тендік, касталық бөлінбеушілік идеяларын айқын аңғарамыз. Оның үстіне демократиялық бастаулары бар бұл идеяның негізінде халық қамы жатқандығын байқаймыз. Биліктің негізгі көрсеткіші - халық жағдайы. Өділдіктің негізгі көрсеткіші - заң мен сот алдындағы тендік.

Тағы да бір байқағанымыз, Махамбет билікті тармақтарға бөлмейді. Биліктің бір орталыққа шоғырланғанын қолдайды. Биліктің табиғаты халық мұддесінде жатыр. Соны кез келген билеуші түсінуі керек, әйтпесе, халық көтеріліске шығып билікті жояды. Бұл Ұлы француз буржуазиялық революционерлері принциптерінің батырдың көзқарасымен сәйкесіп, қазақы демократиялық ілімдегі жаңа бағыттың айқындалғанын көрсетеді. Халық сеніміне ие болмаған билік өзін-өзі бүлдіреді, өзін-өзі жояды. Мұнда да қарана-қайшылықты байқауға болады. Қазақ секілді дәстүршіл халықтың өз әдет-ғұрып нормаларынан бас тартуы аса қатерлі нәрсе. Жәнгірдің қателігі де сонда. Ақынның тілімен айтқанда:

«Атаңа нәлет Жәңгірдің
Қан жылатқан заңы үшін...» [10, 106]

Онда бұл әдет-ғұрып нормаларын қандай құжат реттеуі керек? Оның толыққанды сақталуы үшін не істеу қажет? Қандай жаңа нормалар халық жағдайын жасап, жаңа өзгерістерге жол ашады? Осы сұрақтарға жауап ізделп көрелік. Ақын өлеңдерінің бірінде:

«Адамзат басы құралса,
Мәшурат кенес сұралса,

Мәшурат берер ер едік» [12, 55], – делиңген. («Мәшурат» - Конституция, демократиялық заң деген мағынада. Бұл сөзді ғылыми әдебиетте алғаш қолданып, анықтамасын берген С.Әзбекұлы.) Ақынның бұл сөздері келесідей тұжырымдарға әкеледі:

Біріншіден, Махамбет шектеулі болса да бас заң, Ата Заң идеясын қолдайды. Ол нормативті-құқықтық акт қазақ қоғамындағы туындаған барлық дерлік сұрақтарды шешуге бағытталуы қажет.

Екіншіден, бұл заңның толыққанды жүзеге асуы үшін сайлау өтіп белгілі алқа қалыптасуы керек. Ондай болмаған жағдайда, бұл құқықтық актілердің заңдық күші шектеулі болатындығы хақ.

Ушіншіден, бұл алқалы орган ешкімді алаламайтын негізде, өзінің басты қызметін жүзеге асырып, осы нормалардың қалыптасуы мен ықпал етуіне жағдай жасауы керек. Бұдан туындайтын қорытынды, Махамбет хандық билікті қайта құру үшін уақытша үкімет құрып, соған қоғамдағы ең маңызды мәселе, Ата Заң қабылдауды жүзеге асыруы қажет – дейді. Ата Заң арқылы әділеттік орнайтындығына сенімді ақынды қазақ далалық демократиясының принциптерінің негізін қалаушы деп тану орынды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вяткин М. *Батыр Срым*. – Алматы: Санат, 2002. – 344 с.
2. Бекмаханов Е.Б. *Присоединение Казахстана к России*. – М.: АН СССР, 1958. – 343 с.
3. Сұлтанов Т. *Қазақ хандығының тарихы*. – Алматы: Мектеп, 2003. – 160 бет.
4. *Жетіғасыр жырлайды*. 2 томдық. Құрастырган: Е. Дүйсенбайұлы. – Алматы: Жазушы, 2004. – 1 том. – 400 бет.
5. Маймақов Ф. *Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы*. – Алматы: Фылым, 2000. – 176 бет.
6. Зиманов С.З. *Россия и Бужеевское ханство*. – Алма-Ата: Наука, 1982. – 171 с.
7. Муканов М.С. *Из исторического прошлого*. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 160 с.
8. Бекмаханов Е.Б. *Присоединение Казахстана к России*. – М.: АН СССР, 1958. – 343 с.
9. *XIX ғасыр әдебиеті*. Алтыншы кітап. Құрастырган: Х.Сүйіншәлиев. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 224 бет.
10. Махамбет. *Жыр семсер*. – Алматы: Жазушы, 1979. – 152 бет.
11. Монтескье Ш.Л. *Зандар рухы туралы*. – Алматы: Үш киян, 2004. – 784 бет.
12. Өзбекұлы С. *Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікір тарихының өзекті мәселелері*. – Алматы: Білім, 2004. – 128 бет.

(Жалғасы. Басы еткен санда)